

ISSN 1727-0537

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА



2 '2007

**ӨЛКЕТАНУ
КРАЕВЕДЕНИЕ**



**ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН ХХ Ғ.
БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ХАЛЫҚ
ИСЛАМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Г.М. РАЗДЫКОВА

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

*В своей статье автор о-
тановился на особенностях
ислама казахов во 2-ой поло-
вине XIX века и начале XX века.*

*Автор мақаласында XIX ғ.
екінші жартылы мен XX ғ. ба-
сындағы қазақтардың халық
исламының ерекше ліктеріне
тоқталып өткен.*

*In this article the author
focuses his attention on Islam
peculiarities of Kazakhs in the
2nd half of the XIX c. - beginning
of the XX c.*

ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы қазақтардың ресми діні ислам болды. Қазақстандағы исламның тағдыры Орта Азия мен Волга бойындағы ірі діни орталықтармен байланысты. Мұсылмандық қазақ қоғамының рухани қажеттілігін білдірді. С.Чечеринаның пікірінше, ислам өзінің сыртқы атрибуттарымен көрінді: «тазалығымен, құдайға табынудағы ерекшелігімен, аңыздарымен, сөзі мен ісіндегі жасандылықпен» [1, 239 б.]. «Ислам өркениетінің солтүстік бекеті» [2, 239 б.] бола тұрса да, қазақтардың мұсылмандығының

өз ерекшеліктері болды. Бұл ерекшелік, ислам нормаларынан алыс қазақтар жөнінде қажет мәліметтер таратты.

Қазақтардың тұрмысын бақылаған, жазған патша шенеуніктері, қазақтардың исламды үстіртін менгергендерін, олардың индифференттігін ескертіп айтты.

Халықты ағарту министрі Орынбор өлкесінің оқу орындарын аралап, 1877 жылы желтоқсанда генерал-губернаторға былай деп жазды: «Қырғыздар [қазақтар-Р.Г.] өздерін мұсылман санағанмен, жеке өмірлерінде діни немесе азаматтық және дәстүрлі қарымқатынастарында Құранға да, Шариағатқа да сүйенбейді, сонымен қатар мұсылман дінінің басқа да шарттарын ұстанбайды» [3, 28 б.].

«Қырғыз-Қайсақтар Мұхамет зандарын ұстанса да, сауатсыздықтары басқада; болыстарында Моллаларды және Қожаларды ұстаса да, оларда не мешіттері жоқ, не діни рәсімдер жасамайды» [4] деп санайды С.Б. Броневский. Әскери шенеунік Ф.Усов былай жазады: «Барлық қырғыз халқы өзін-өзі және ресми мұсылман болып саналғанмен, Қырғыздар-

Г.М. РАЗДЫКОВА

дың басым көпшілігі терең индифференттілігімен айқын; олардың құдай мен дін жөніндегі түсініктері әр түрлі ырымдармен ғана шектеледі, өмірдің маңызды кезеңдерінде ғана (бала туғанда, кісі өлгенде және т.б.) кейбір рәсімдерге жүгінеді, оның өзі мұсылмандықтан көрі, көбіне тәңіршілдік» [5].

Этнограф Н. Зеландтың тұжырымы бойынша, «қырғыздар өздерін мұхамметтік-сунниттар санайды, ал бірақ олар догматтық мәселелерден алыс және онымен жақын таныс емес. Негізгі шарттарын орындайды, намазды мұсылмандық тәртіптермен оқиды, әрқашан дұрыс болмаса да, ораза ұстайды, азды көпті моллалар бар, бірақ көбі сауатсыз» [6, 31-32 б.]. Исламның қазақтарға тиген әлсіз ықпалы жөнінде білетін куәлар көп: К. Губаревтың еңгімелеуінше, қазақтарда «моллалардың рөлі мен орны татарлардағыдай емес» [7]. «Заметки о религии киргиз» атты еңбекте: «Қырғыздар дін мәселесінде толық индифферентті. Қырғыздардың мұхамметтік дінінің догматтық жағы нашар дамыған: дүниенің жаратушысы (Алла) және оның пайғамбары Мұхаммет жөнінде түсініктері аз. Бұл Алла және оның пайғамбары жөніндегі сауатсыздықтары, мұхамметтік дінді қабылдаған кезіндегі алғашқы даму деңгейінде тұрып қалған, ол діннің әлсіз тарауының салдарынан болса керек: бай қырғыздардың киіз үйлерінен Құран-

Кәрімді аз кездестіресің» [8]. «Шынайы діни сенім байқалмайды» деп жазылған «Киргизы» деген мақалада [9]. Бұл ерекшелік жөнінде А. Левшин жазған. Оның айтуынша, қазақтардың ішінде «кейбіреулері діннің ешқандай шарттарын ұстандайды» [10]. М. Красовский жазады, тек «бай қырғыздар ғана, іштері пысқаннан кейін мұхамметтік шарттарды ұстанады». Әрі қарайғы оның тұжырымы, «мұхамметтік дін сауатсыз азиялықтың көзқарасы мен жалқау санасына жақын келеді ... және христиан дінінің кіруіне жол бермей аз аздап таралуда» [11]. Дегенмен, революцияға дейінгі басқа да деректерді тереңірек зерттей түсіп, ислам қазақтарда үстіртін сипатта болды деген пікірге күдік тудыруға болады. Мәселен, шығыстанушы В.В. Радлов, қырғыздардың исламға толық көшкеніне бір ғасыр, деп түіндейді [12, 323 б.]. Этнограф Р. Карутц осы тұжырымға қосыла, қазақтар «өздерін қатал мұхамметтік деп санауға құқылы. Олар басының шапшаң тақыр қылады, денедегі жөндерді алады, ерінге түскен мұртты қысқартады, сақал қояды, тек иектегі төкті жұлып; Меккеге қажылыққа барады, бес уақыт намазын оқып, кейбір шарттарды басқаларға қарағанда өте қатаң ұстанады» [13, 96 б.]. «Егер қырғыздар өткен ғасырдағыдай бүгінгі күні де, татарлардай діншіл болмаса да, ол мұхамметтік діннен бас тартқандары емес» - деп жазады

көрнекті қазақ тарихшысы Е. Бекмаханов [14]. Көшпелі өмір салты шариғаттың заңдарын ұстануға, сауат ашуға кедергі болған жоқ. Киіз үй мешіт рөлінде де, көшпелі мектеп ретінде де пайдаланылды. XIX ғасырға қарай, Ш. Уәлихановтың айтуынша, әрбір ауылда молла болды, ересек тұрғындар отыз күн ораза мен бес уақыт намазды қатаң ұстанды. Зерттеулердің көрсетуінше, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына қарай, қазақтар мұсылман ілімінің негіздерін біліп қана қоймай, балаларын мұсылман мектептерінде оқытып, уақытылы мешітке барып отырды, сондықтан да мұсылмандық руханияттан қолдау тапқан, белседі діни өмір салтын ұстанған, еш даусыз мұсылмандар саналды [15]. Дінтанушы-зерттеушілер көрсеткендей, Орталық Азияда ислам тұрмыста шоғырланған, сондықтан оны «тұрмыстық ислам» деп атаған. Тұрмыстық ислам немесе «халықтық ислам» - исламға дейінгі наным-сенімдермен көп арласқан. Бұл исламның, нақтырақ шариғаттың шарттарындағы тұрмыстағы рәсімдер, тәртіптер, адамның дүниеге келіп, одан өткенінше дейінгі «сценарий», және сонымен қатар о дүниедегі «өмірінің» де бағдарламасы. Қарапайым санадағы – мұсылман, осы сценарий бойынша өмір сүретін адам. Осыдан шығатын шешім, Орталық Азияның діншілдігі тұрмыстық исламның тәртіптерін сақтауда.

Діншілдіктің көмекшісі жекелеген шарттардың қайсы бірі бола алады. Тұрмыстық ислам исламға дейінгі және исламдық дәстүрлердің қосындысымен сипатталады. Ислам дінінің таралуы кезеңінде дәстүрлі наным-сенімдер мен рәсімдердің мұсылман рәсімдерімен біте қайнсуы жүрді. Көне сенімдердің қалдықтары қазақтардың тұрмысында сақтала берді, сондықтан да бұл тұрмыстық исламның пайда болуына ықпал етті. Тұрмыс-салттың ерекшеліктері (киіз үйдегі көшпелі өмір) өзіндік исламды тудырды. Көшпелі тұрмыс дінге әжептәуір қиындықтар тудырды, өйткені ауыр рәсімдер бірқатар культтік атрибуттарды талап етті. Ұқсас көшпелі әлуметтік-экономикалық ортада туған ислам, жергілікті жағдайға ығайлы болып, халықтың өмір-салтына сіңісіп кетті. «Нормативтік» ислам мен жергілікті рухани сенімдердің арласуынан, кейбір зерттеулерде «дала исламы» немесе қазақтың «халық» исламы аталған феномен туды. Исламға дейінгі наным-сенімдермен қосыла, Қазақстанда XIX ғасырда ислам толық орнықты. «Труды Оренбургской ученой архивной комиссии» атты еңбекте: «ислам кең толқынмен қырғыз дала-сына еніп келеді. Сонда да мұсылман рәсімдері көптеген жағдайларда төңіршілдіктің қалдықтарымен араласқан» [16, 34 б.]. Исламның таруымен қатар қазақтарда төңіршілдіктің қалдықтарының жақсы сақталуы

көптеген революцияға дейінгі зерттеулерде көрініс тапқан. «Киргизы» атты мақалада: «Қырғыздар мұхаммет дінінен болып саналғанмен, оларда Мұхамметтің діні түрлі тәңіршіл дәстүрлермен арласқан» [9]. С. Чичерина жазған: «Халықтың бұқара көпшілігі мұхамметтік болып тек қана саналды, ал шын мәнінде тәңірге сиыды. Бұл көне тәңіршілдік сенім қырғыздардың дүниетанымына және тұрмысына терең бойлаған» [2, 238 б.]. Белгілі этнограф А. Левшиннің санауынша: «Олардың бәрінде дүниені жаратушы жөнінде түсінік бар, бірақ олар оған Құран заңдары бойынша табынады, басқалары, ислам ілімін пұтқа табынушылықпен арластырады, үшіншілері, адамзат баласына жақсылық істейтін «құдаймен» қатар, жамандық жасайтын шайтан бар деп санайды» [10]. «Тобольские епархиальные ведомостида» келесі ақпарат берілген: «Ерте заманда қырғыздар мұхамметтік дінді қабылдаған, бірақ оған көптеген тәңіршілдік сенімдері қосылып, енді олардың не тәңірге сиынушы екенін, не мұсылман екенін білмейсін. Олар құдайды мойындайды, бірақ дүниеде екі аруақтың, жақсы және жаманның (шайтан) барына сенеді, өлген адамның жаны жұлдызға айналатынына, әрбір күн ерекше бір жұлдыздың қарамағында болатынына, бақытты және бақытсыздығына сенеді, сондықтан күндердің өзі жақсы және жаманға бөлінеді» [17].

Қазақ халқы өзінің ата-бабаларының діни дәстүрлерін ұзақ сақтап келді. «XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында аймақтың тарихи-идеологиялық бейнесі шамандық діни көзқарастар мен көшейін келе жатқан ислам идеологиясының көрінісін берді. Дінді этникалық мәдениетке ыңғайлай келе, ресми және басқа да мұсылман руханияты көптеген жергілікті культтерді алды, нәтижесінде халықтың діни сана-сезімі қосынды, полиструктуралы сипатқа ие болды» - деп жазады этнограф А.Т. Толеубаев [18]. Сайып келгенде, деректерді кеңірек зерттеудің нәтижесінде, қазақтар исламға индифферентті, деп тұжырымдау дұрыс еместігін дәлелдейді. Көшпелі тұрмыс қазақтардың арасында исламның тарауына кедергі келтірген жоқ. Бізге белгілі, ислам көшпелі бедуйн-араб тайпаларының ортасында туғаны. Көптеген құдайлары бар тәңіршілдіктің орнына, жалғыз құдайы мен қиын емес рәсімдері бар ислам келді. Исламның орнығуы, су тапшы дала жағдайына да ыңғайланды, құммен дөрет алу рұқсат етілді. Ислам қазақтардың санасына терең бойлады XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Далалық аймақта тұрмыстық исламның тәртіптерін ұстанған белсенді діни үрдістер жүріп жатты. Қазақтардың діншілдігі исламның екіжақтылығымен сипатталды. Исламда көне культтер: анимизм, магия, тотемизм, фе-

тишизм және шаманизм болды. Осындай ұқсастықтар халықтың салт-дәстүрлері мен ғұрыптарында да болды. Көптеген жағдайларда, ислам дінінің аркасында ежелгі дәстүрлер жаңа кейіпке ие болды.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Чечерина С. Как начиналось дело просвещения восточных илюродцев / Известия по народному образованию.- 1907 июль.- СПб.-1907.-235-296с.
- 2 Селезнов А.Г., Н.А.Томилов Некоторые проблемы изучения ислама в Сибири// Ислам, общество и культура. Материалы Международной научной конференции "Исламская цивилизация в преддверии XXI века (К 600-летию ислама в Сибири).-Омск-1994.-205с.
- 3 ЦГА РК, Ф.369, О. 1.Д. 2040а, Л.48.
- 4 Броневский С.Б. Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды//Отечественные записки. - СПб., 1830. - Ч. 41, 42, 43
- 5 Статистическое описание Сибирского казачьего войска /Сост. Ф. Усов.- СПб,1879. - 284с.
- 6 Зеланд Н. Киргизы. Этнологический очерк// Записки Западно-Сибирского отдела императорского РГО.-кн 7.- вып.2.-1885.-с.31-32.
- 7 Губарев К. Киргизская степь/ Современник.-1864.-№6.
- 8 Заметка о религии киргиз. б.м. и б.г.
- 9 Киргизы// Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО.- кн. 7.-выпуск 2.- 1886.
- 10 Левшин А.И. Казак ордасы мен даласын суреттеу.-Павлодар: ЭКО ЭОФ.- 2005.-212б.
- 11 Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область Сибирских киргизов. Ч.III. Сост. Красовский М.-СПб.-1868. - 264с.
- 12 Радлов В.В Из Сибири: страницы с дневника.-М.- 1989.- 749с.
- 13 Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангунтаке.-СПб.-1810.-173с.
- 14 Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 годы XIX века. - Алма-Ата,1992. - 400с.
- 15 Мустафина Р.М. Ислам в Казахстане (XIX в.) Ислам: история и современность. материалы межд. конференции/ред. Абусейтова М.Х.-Алматы: Дайк-пресс,2001.-168ж.
- 16 Известия императорского русского географического общества.- выпуск № 15.-Оренбург.-1900.
- 17 О казахах и киргизах// Тобольские епархиальные ведомости.-ч.1.- Омск.-1892.-с.77
- 18 Толеубаев А. Пережитки домусульманских верований и обрядов в семейном быту казахов в конце XIX -начале XX веков.- Москва, 1972.-213с.